

Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір шешімдердің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 511 Қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.18 N 262 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.18 N 262; 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 тамыздағы 851 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 35, 351-құжат);

2) "Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 990 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 39, 404-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 511 қаулысымен

бекітілген

Жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін

А К Т

на право частной собственности на земельный участок

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 511 қаулысымен

бекітілген
**Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін
А к т**

на право постоянного землепользования

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 511 қаулысымен

бекітілген
**Уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі
жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін
А к т**

**на право временного возмездного (долгосрочного,
краткосрочного) землепользования (аренды)**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 511 қаулысымен

бекітілген
**Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беретін
А к т**

на право временного безвозмездного землепользования

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 910 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 36, 369-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесінде:

мәтіндегі "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган (бұдан әрі - облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі орган)", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган", "облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі орган", "жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық органның" деген сөздер тиісінше "жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - облыстық жер қатынастары жөніндегі орган)", "облыстық жер қатынастары жөніндегі орган", "облыстық жер қатынастары жөніндегі органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган", "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен" деген сөздер тиісінше "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы", "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақта "белгілеуді" деген сөз "белгілеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. "Жерді сақтап қою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 39, 407 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерді сақтап қою ережесінде:

5-тармақтағы "атқарушы органдар," деген сөздерден кейін "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші абзацында "аумақтық жер ресурстарын басқару" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарының, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық жер ресурстарын басқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтағы "аумақтық жер ресурстарын басқару жөніндегі орган" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. "Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану ережесі мен режимін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 1269 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 47, 525-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану ережесі мен режимінде :

мәтіндегі "жер ресурстарын басқару" деген сөздер "жер қатынастары" деген сөздермен ауыстырылсын.